

Облыс әкімдігінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі № 330 "Облыс аумағында суды қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 330 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 11 қазанда № 3345 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2011 жылғы 13 қыркүйектегі № 291 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облыстық әкімдігінің 2011.09.13 № 291 Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 27 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28 бабының 3 тармағына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Облыс аумағында суды қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы» облыс әкімдігінің 2005 жылғы 20 қыркүйектегі № 330 қаулысына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3161 болып тіркелген, «Ақтөбе», «Актюбинский вестник» газеттерінің 2005 жылғы 27 қазанында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесінде:
«116» деген сандар «112» деген сандармен ауыстырылсын;
«жергілікті мемлекеттік басқару» деген сөздерден кейін «және өзін-өзі басқару» деген сөздермен толықтырылсын;
көрсетілген қаулының 2 тармағында «тыйым салатын» деген сөздер «жол бермейтін» деген сөздермен ауыстырылсын;
көрсетілген қаулының 1 қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;
көрсетілген қаулының 2 қосымшасында «тыйым салынатын», «тыйым салынады» деген сөздер сәйкесінше «жол бермейтін», «жол бермейді» деген сөздермен ауыстырылсын;

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Е. Сағындықов

Облыс су қоймаларына іргелес жатқан аумақтарда суды қорғау аймақтары мен белдеулерінің ең тар ені

1. Әрбір жағалау бойынша су қорғау аймағының ең тар ені көп жылдық межелік деңгейі кезіндегі су жиегінен су тасқыны кезеңіндегі көп жылдық деңгейі кезіндегі су жиегіне дейінгі (өзен жайылымын, жайылым жылғаларын, түпкі жағалауындағы тік жарларды, шұңқырлар мен сайларды қоса алғанда) және қосымша 500 метр болып қабылданады.

2. Су объектілерінің жағалауларында орналасқан орманды алқаптар Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес су қорғау аймақтарына енгізіледі.

3. Суару-суландыру каналдарының су қорғау аймағының ені ең тар ені (әр жағалау бойынша су деңгейі қалапты болған жағдайда) – 300 метр.

4. Өзендердің бастаулары және бұлақтар үшін су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ең тар ені – 50 метрден кем болмауы тиіс.

5. Салалардағы су қоймалары үшін су қорғау аймағының ең тар ені ол орналасқан өзендегідей белгіленеді.

6. Су құйылатын су қоймалары мен көлдер үшін су қорғау аймағының ең тар ені су айдынының акваториясы 2 ш.м. дейін 300 метр және акваториясы 2 ш.м. асса, 500 метр болып белгіленеді.

7. Салалардағы су қоймалары үшін су қорғау аймағының ең тар ені ол орналасқан өзендегідей белгіленеді, ал, көлдер үшін су қорғау аймағының ішкі шекарасы судың көп жылдық деңгейінің жағалаулық шегі бойынша өтеді.

8. Су қорғау аймағы шегінде шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленген су объектілеріне іргелес, аумағының ені 35 метрден кем емес су қорғау белдеулерімен ажыратылады.

9. Шағын өзендер бастауларында су қорғау белдеулері ені былай белгіленеді:
орманы жоқ аудандарда - осы қаулыға сәйкес міндетті түрде ені кемінде 35 метрге ағаш-бұта белдеуі салынады;
орманды аймақтарда - Қазақстан Республикасының орман заңнамасына сәйкес.

10. Ақтөбе қаласы және басқа елді мекендерде жағалауды бекітетін құрылғылар болған жағдайда су қорғау белдеулерінің шекараларын жағалау парапетімен біріктіруге болады.

11. Қолданыстағы қызмет үлесі, жеке және заңды тұлғалардың үй маңындағы, саяжайлық және бақшалық учаскелерінде жерді пайдалану құқығына және су қорғау режимін сақтауға мемлекеттік пакеті болған жағдайда су қорғау белдеуі шеңберінде қалады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК